

AQTÓǴAI AJARY

Ақтоғай айдандық қоғамдық-саяси басылым

Gazet 1938 жылғы 15 тамыздан шығады

@ aktogai_red@mail.ru

www.facebook.com/a.ajary.kz

№12 (7901)

Жұма
10 наурыз
2023 жыл



Жолдау мұраты – ел мүддесі

Жаңа Қазақстанды құруға жаңа қадамдар

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев кезекті Жолдауында отандастарымыз, соның ішінде ел жастары үшін аса маңызды мәселелерге тоқталды.

Қазір елімізде кейінгі толқынның әлеуметтік-мәдени бейімдеу мәселелерін шешу және жастардың бәсекеге қабілетін дамыту өзекті болып отыр. Бұл ретте жастардың жұмысқа орналасуы басты назарда. Осыған байланысты Мемлекет басшысы тиісті шараларды жүзеге асыруды тапсырды. Мұның негізгі шешімі кәсіпкерлікпен айналысу екені анық.

– Жастарға жан-жақты қолдау көрсету – мемлекетіміздің басты міндетінің бірі. Еңбекпен қамтитын түрлі шаралар арқылы келесі жылы 100 мың жасқа жұмыс беруіміз керек. Жастардың кәсіпкерлік бастамаларына қолдау көрсетіле бермек. Оларға жеңілдетілген тәртіппен жылдық өсімі 2,5 пайыз болатын шағын несие беріледі. Бұл шаралар қоғамның барынша үйлесімді әрі әділетті болуына ықпал етеді, – деді Президент.

Президент жастар мәселесін әркез назарда ұстап келеді.

Өскелең ұрпаққа қатысты маңызды

мәселелерді көтеріп, қалыптасқан жағдайды ашық айтады. Айтып қана қоймай, пайда болған мәселенің шешу жолын да ұсынады. Бұл қадам, ең алдымен, жастар арасындағы жұмыссыздықты жоюға серпін беретіні сөзсіз. Президенттің бұл ұсынысын қолдаймын. Себебі, мемлекет тарапынан көрсетілетін қолдау көсіп ашықсы келетін жастарға үлкен көмек болады. Сондықтан, мемлекет жастарға беретін мүмкіндікті шектемегені жөн.

Жастарды жұмыспен қамту мәселесін бір емес, бірқатар ведомство қолға алуда. Оларға түрлі ақыл-кеңес беріп, бірқатар жобаларға грант бөледі. Жеке кәсібін бастағысы келген жастарды оқытады. Яғни, бұл бағытта бұрыннан бері жүйелі жұмыс жүргізілуде. Жалпы, бұған дейінгі жылдарда жастар саясатына қатысты жүйелі іс-тәжірибе қалыптасқан.

Соның нәтижесінде биыл еліміздегі жұмыссыз жастардың денгейі 4%-ға төмендеген. Ендігі кезекте оның аясын кеңейту қажет.

Жолдауда ұсынған реформалардың барлығы жаңа жағдайда еліміздің дамуына тың серпін беретін озық әрі дер кезінде қолға алынған шараларды

қамтыған. Жолдау еліміздің одан әрі дамуының бағытын айқындайды. Мемлекет басшысы өз Жолдауында су ресурстарының тапшылығы, жол жөндеу, ауылдағы медицинаны дамыту, пайдаланылмай жатқан жерлерді қайтару және басқа да халықты толғандыратын өзекті мәселелердің барлығын қамтыды.

Ел экономикасының дамуы қашанда қарапайым тұрғындардың әл-ауқатының өсуінен көрінеді. Ал тұрғындардың әлеуеті ең әуелі олардың табыс көлемінің артуына байланысты екені анық. Жолдау жүктеген міндетке сай алдағы уақытта бұл мәселе де біржақты болуы тиіс.

Президент Жолдауы шеңберінде алда атқарылар жұмыс көп, ол бойынша іс-шаралар жоспары жасалатыны да заңды. Жолдаудың әр сөзі халыққа керекті мәселелерді қамтиды. Еліміздің тағдыры – біздің тағдырымыз, еңсесі биік, тұтқасы берік еліміздің алға қойған мақсаттары орындалады деп сенемін.

Ш.Сақимбаева,
Тасарал ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы.

19
НАУРЫЗ
МАРТА
2023



www.election.gov.kz

ӨЗ ТАҢДАУЫҢДЫ ЖАСА!
СДЕЛАЙ СВОЙ ВЫБОР!

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТИ МӘЖІЛІСІНІҢ
ЖӘНЕ
МӘСЛИХАТТАРЫНЫҢ
ДЕПУТАТТАРЫН
САЙЛАУ

ВЫБОРЫ

ДЕПУТАТОВ
МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА И
МАСЛИХАТОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Ақ жаулықтыларға құрмет көрсетілді

Ана әрбір адамның жарық дүниедегі ең жақыны, жанашыры, қамқоршысы, ардақтысы болып табылады. Әлемдегі жақсылық көзі, адамдық қасиет, ақ тілек, мейірбандықтың бәрі «Ана» деген сөзбен астасып жатыр. Күні кеше аудан әкімі Руслан Айтықкөпұлы аймағымыздың бір топ нәзік жандарын қабылдап, 8 наурыз – Әйелдердің халықаралық мерекесімен құттықтады.

Аудан әкімі шақырылған аруларға мерекелік лебізін жеткізіп, ауданның экономика және әлеуметтік даму салаларындағы әйел азаматшалардың қосқан өлшеусіз үлесін тілге тиек етті.

Сонымен қатар, еліміздегі гендерлік саясат пен отбасы институттарының күшейтілгені туралы жеткізді. Өз кезегінде, шақырылған меймандар да аймақ басшысына деген алғыстарын білдіріп, өздерінің еңбек жолдары, жеткен жетістіктері турасында сөз етті.

Әз-аналар мерекесіне арналған ресми шара аудандық Мәдениет үйінде кең көлемде аталып өтті. Мерекелік шараға ауданымыздың әртүрлі саласында еңбек жасаған алтын құрсақты аналар, еңбек ардагерлері және аудан тұрғындары қатысты.

Мәдениет үйінің залында аудандық мұражай қызметкерлерінің ұйымдастыруымен аудан экономикасының өсіп-өркендеуіне үлес қосқан қоғамдық жұмыстарға белсенді араласқан қыз-келіншектерге



бұрыш ұйымдастырылып, олардың еңбек жолы кейінгі ұрпаққа үлгі болып көрсетілсе, орталық кітапхана ұжымы көрме ұйымдастырды.

Аудан әкімі Руслан Айтықкөпұлы өз сөзінде: – Ана бір қолымен бесікті тербетсе, бір қолымен әлемді тербетеді. Ана – әрдайым ұрпағына елжіреп, соның тілқуін тілеп отыратын асыл адам. Кеңге жайған мейірімінің қуатын, өр есімі құдіретті үш әріптен тұратын асыл аналар, қымбатты арулар, кербез көктемнің керуенімен қоса келген мерейлі мерекелеріңіз құтты болсын! Тіршіліктің шуағы,

ұлылықтың ұраны, адамзаттың жыр әні абзал аналар! Бүгінгі күннің бар қызығы тек сіздерге арналады, – деп шара аясында бір топ қыз-келіншектерді аудан әкімінің Құрмет грамотасы, Алғыс хатымен марапаттады.

Мерекеле аудандық «Тоқырауын толқыны» ән-би ансамблінің өнерпаздары мен аудандық өнер мектебінің оқушылары ән-жырдан шашу шашып, қонақтарға мерекелік көңіл-күй сыйлады.

Гүлнар Елүсізова.


Мәңгілік шуақ төккен ғасырларға

Ана – әлемнің бесігін тербеткен күдіретті кие. Ана – саналы жаратылыстың қамал қорғаны. Бабалар жанға рух берсе, Аналар қанға қасиет дарытты. Әкенің миссиясы жаңа қабілет іздеу болса, анаға жүктелген міндет – оны сақтап, қызына дарыту. Себебі, ұлдың жаны да, төні де болжамдық сипатқа ие. Ұлттың болмысы мен атаның тегі – ананың қаны мен жадында.

Халықаралық әйелдер мерекесіне орай аудан әкімі Руслан Кенжебеков Ақтоғай ауылының тұрғыны, тыл ардагері, бүгінде торқалы 90 жасқа толып отырған Мәнұра Қапасова әженің шаңырағына арнайы барды.

Мерекемен құттықтай келген аудан басшысы ғасыр жасаған кейуананың жағдайын сұрап, бала-шаға мен немерешөберенің ортасында ақылшысы болып, аман отыруына тілектестігін білдіріп, сый-сияпат табыстады.

Өнегелі әулеттің отын маздатқан,



шамшырағы болған Мәнұра әжей бейнетпен өткен ғұмырының зейнетіне бөленіп, ұрпақтарының алдында бақытты өмір кешіп келеді.

Арнайы құттықтай келген аудан басшысына ризашылығын білдірген ел анасы елдің амандығын тілеп, ақ батасын берді.

Сонымен қатар, өңір басшысы көпбалалы ана, еңбек ардагері, 80 жасқа келген Мағытай Аукееваның үйінде болып, мерейжасымен құттықтады. Ақ тілегін айтып, иығына шапан жапты. Осындай құрметке бөленген Мағытай апа ризалық танытып, өзінің еңбек жолын әңгімелеп, келер ұрпаққа бақытты күндер тілеп, осы шараны ұйымдастырушыларға алғысын жеткізді. Аудан әкімімен бірге ақжаулықты аналарды аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы С.Сыздықов, Ақтоғай ауылдық аналар кеңесінің төрайымы Г.Елеусізова құттықтап қайтты.

8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні. Бұл – бір қолымен бесікті, екінші қолымен әлемді тербеткен аналар мен нәзіканды қыздар қауымының төл мерекесі. Тәуелсіз еліміздің бүгінгі күнге нығайып, әлем таныған абыроймен жетулеріне әйел затының өлшеусіз үлес қосқандығы ақиқат.

«Ана – мәңгілік шуақ төккен ғасырларға!». Мерекесіңде осындай атаумен Абай ауылдық округінің әкімі Қайыржан Тұрғанбеков дәстүрлі мерекелік қабылдау



ұйымдастырды.

– Сіздерді көктемнің шуақты мерекесі – Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймын! Әлемдегі барлық жақсылық анадан тарайтындықтан, сіздерге деген ыстық ықыласымыз еш толастамайды. Әрдайым

отбасыларыңызға амандық, дендеріңізге саулық, еңбектеріңізге табыс пен береке тілеймін, – деген ауыл басшысы өңірдегі маңызды салалардың басы-қасында қыз-келіншектердің жүргенін айрықша атап өтті. Сондай-ақ, ауылдың дамуына саналы ғұмырын арнаған ақжаулықты

аналар мен қыз-келіншектер қатысып, естелік сыйлықтар тапсырылды.

Мерекелік жиынға қатысушылар өз кезектерінде алғыстарын айтып, өңірдің өркендеуіне алдағы уақытта да үлес қосатындықтарын жеткізді.

Қай кезде де әрбір халық үшін әйел жанының жылылығы мен сұлулығы, мейірімділігі мен кендігі әлемге рух беріп келеді. Иә, 8 наурыз – осындай аяулы жандардың мерекесі. Көктемнің шуақты сәті әйел-аналарымыз бен аруларымыздың мерекесің бастау алады. Жарқын мерекенің біздің барлық үмітіміз бен арманымызды тығыз байланыстыратын көктемнің алғашқы айының басында келуі – жақсылықтың нышаны.

Ақжарық клуб үйінде 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні қарсаңында салтанатты жиын өтті.

Мейірімділік пен сұлулықтың, даналықтың және рухани қуаттылықтың салтанат құрған күні қызылжарлық аяулы аналар мен қыз-келіншектер ерекше құрметке бөленді. Айтылған ізгі тілектер мен шырқалған әннің бәрі-бәрі бұл күні асыл ана, адал



жар, аяулы апа-қарындастар тақырыбында болды.

Ауыл әкімі Серікбол Спанов, Қызылжар орта мектебінің директоры Амангелді Абдразахов ақжаулықтарды шуақты мерекемен құттықтап, мектеп, мекеме ұжымдары атынан естелік сыйлықтар табыс етті.

Кездесу барысында аяулы

жандардың үйдегі, түздегі еңбектері сараланып, оларға жүректердің төрінен төгілген жылылөбіздер арналды. Жайдары жүздесу әйелдер қауымының қоғамда қаншалықты маңызды рөл атқаратынын тағы бір мәрте айшықтап берді. Жиын соңы ауыл өнерпаздарының мерекелік концертіне ұласты.

Жер-Ананың оянып, тіршіліктің жалғасатын мезгілінде әйелдер мерекесінің де қабат келуі заңдылық секілді. Өйткені, көктем де, ардақты ана да – тіршіліктің бастауы. Сұлулық пен бейбітшіліктің символына айналған әйелдер мерекесі қарсаңында Тасарал ауылдық округінің әкімі Нұржан Сеитов «Алтын алқа», «Күміс алқа» иегерлері және көпбалалы аналарға мерекелік қабылдау өткізді.



Мерекелік кездесуде аймақ басшысы әйел-аналарды көктемнің шуақты мерекесімен құттықтап, өңірдің өркендеуіне аянбай үлес қосып жүрген белсенді әйелдер қауымы, іскер әйел-аналар, қыз-келіншектер үшін бұл мейрамның ерекше мән-маңызы екенін жеткізді.

– Бүгін қоғамның барлық сатысында ерлермен иық тірестіре еңбек етіп жүрген, ұлттың ұйысуы мен бірліктің нығаюына атсалысқан нәзік жандарға, аяулы аналарға шынайы алғысымызды білдірсек деген ниетпен жиналудамыз. Сіздерді көктемнің шуақты мерекесі – Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймын! Батыр да, ақын да, алып та анадан туады. Бүгінгі жылы сөздер де, құрмет те тек қана сіздерге арналады. Барша ақжаулықты аналарымыз бен қыз-келіншектердің отбасына амандық, жұмыстарына береке тілеймін, – деді Н.Сеитов.

Салтанатты шара ауылдық клуб үйінде «Адамзаттың асылы – ана» атты ауыл жастарының концерттік бағдарламасына ұласты. Жергілікті өнерпаздар әсем ән шырқады, мың бұралған бишілердің өнері де көктем мерекесінің ажарын аша түсті.

Бетті әзірлеген Д.Қабыл



АҚТОҒАЙ АҒАРҰ 3 10 наурыз 2023 жыл ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА ҮМІТКЕРДІҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттығына Қарағанды облысы №19 бір мандатты округінен үміткер Калыков Арман Кобыландыұлының өмірбаяны



Мен, Калыков Арман Кобыландыұлы 31 қаңтарда 1973 жылы Ақмола облысы, Ақсу руднигінде дүниеге келдім.

1988 жылы Шахтинск қаласының №3 орта мектебінің 8 сыныбын бітіріп, Абай қаласының тау-кен техникумына оқуға түстім.

Сайлауалды бағдарлама

Үйленгенмін, үш балам бар.

Қымбатты менің жерлерім!

Мен Қарағанды өңірінің тұрғындарының өзекті мәселелерін жақсы білемін, негізінен олардың арасында кеншілер, металлургия, білім, мәдениет, денсаулық сақтау саласының өкілдері бар. Студенттік кезеңнен бастап менің бүкіл өмірім үздіксіз ауыр да зиянды өндіріспен байланысты болып келеді.

Халық таңдаулы ретінде азаматтарымыздың әл-ауқатын арттырып, мүддесін қорғауды басты міндетім деп білемін. Сондықтан, мен өз бағдарламада облыстың экономикалық дамуы мен әлеуметтік саланың сапалық жақсаруы, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қауіпсіз еңбек жағдайын жасау мәселелеріне баса назар аударуға тырысамын.

Менің сайлауалды бағдарламам Шахтинск қалалық және Қарағанды облыстық мәслихаттарының депутаты болып жұмыс істеген кезде және көмір өнеркәсібіндегі кәсіби қызметтегі кезде облысымыздың тұрғындары айтқан өмірлік және өндірістік тәжірибеге, проблемалар мен ұсыныстарға негізделген.

Еліміздің мықты экономикасы мен әл-ауқатының негізі сыбайлас жемқорлыққа қарсы аяусыз күрес, заңдылық пен құқықтық тәртіпті сақтау, мемлекеттік аппараттың жұмысына және бюджеттің жұмсалыуына қоғамдық бақылау, медицинада, білім беруде, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықта, сондай-ақ ауыл шаруашылығында тәртіпті қамтамасыз ету болып табылатынына сенімдімін.

Жан-жақты әлеуетке ие бола отырып, Қарағанды өңірінің тұрғындары гүлденген, қауіпсіз, күшті және әділ Қазақстанды құруға бағытталған идеялар мен міндеттерді іске асыруға дайын екендіктеріне сенімдімін. Мен Қарағанды өңірінің негізгі мәселелерін жақсы білемін және оларды шешу үшін жүйелі түрде жұмыс істеуге дайынмын.

Менің басымдықтарым:

Жаңа жұмыс орындарын құру және халықтың табысын арттыру.

Аймақта бір қызметкердің орташа айлық атуалы жалақысы республикалық орташа көрсеткіштен төмен (272,6 мың теңге, ҚР - 299,4 мың теңге).

Халықты жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету үшін мен 80 мыңға жуық жұмыс орнын, оның ішінде 30 мың тұрақты жұмыс орнын құруға жәрдемдесетін боламын.

Ауыл шаруашылығын дамыту, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және бағаны төлеу.

Ауыл шаруашылығының дамуын қамтамасыз ету және азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін жәрдемдесетін боламын:

– инвестициялық жобаларды іске асыру, жаңа прогрессивті технологияларды енгізу, ауыл шаруашылығы өндірушілерін заманауи техникамен, цифрлық технологиялармен жаратқандыру есебінен ауыл шаруашылығында мемлекеттік қолдау шараларын ұлғайту;

– ішкі және сыртқы өткізу нарықтарын дамыту;

– ауыл шаруашылығы дақылдарының алқаптарын кеңейту, мал басы мен құс санының өсуі есебінен ауыл шаруашылығы өнімін өндіруді ұлғайту;

– өндірілетін сүт пен етті қайта өңдеуді ұлғайту;

– бағаның өсу қаупі жоғары әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын тұрақтандыру қорына сатып алуды ұйымдастыру;

– қосымша суармалы жерлерді айналымға енгізу;

– ауыл шаруашылығы техникасын сатып алу үшін лизингтік несиеленуді одан әрі іске асыру шарты.

Кәсіпкерлерді қолдау

Бүгінде өңірде 93 мыңнан астам ШОБ субъектісі жұмыс істейді, онда 222 мың адам жұмыс істейді.

Шағын және орта бизнесті одан әрі дамыту үшін:

– кәсіпкерлік субъектілеріне қаржылық қолдау шараларын ұсыну;

– жастар және халықтың әлеуметтік осал топтары қатарындағы азаматтарға жыл сайын кемінде 50 грант беру шарты;

– «Бастау-Бизнес» жобасы аясында тұлғаларды кәсіпкерлік негіздеріне оқыту;

– ауылда жаңа кәсіпкерлік субъектілерін құру туралы;

– жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға жыл сайын кемінде 500 мемлекеттік грант бөлу.

Туризмді дамыту

Туризмді дамыту үшін туризмнің жаңа объектілерін ашуға Шұбартүбек және Торанғалық ауылдарында сумен жабдықтау және электрмен жабдықтау жүйелерін салуға және реконструкциялауға жәрдемдесетін боламын.

Халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету

Өңірде 2 мың көпбалалы және 12 мың әлеуметтік осал отбасы тұрғын үй алуға кезекте тұр.

Бұл мәселені шешу үшін мен келесілерге қол жеткіземін:

– 3 млн шаршы метр тұрғын үй салу (оның ішінде 100 мың шаршы метр тұрғын үй немесе ХӨӨТ үшін 2,3 мың пәтер);

– жеке үйлер салу үшін кемінде 1 мың жер учаскесін беру;

– жаңа құрылыстың және жеке сектордың инженерлік инфрақұрылымымен (су бұру, газбен жабдықтау, жылу және электрмен жабдықтау желілерімен) қамтамасыз ету.

Бұл кемінде 33 мың отбасын, оның ішінде халықтың әлеуметтік осал топтарының 13 мыңға жуық отбасын, 2,5 мыңға жуық көпбалалы отбасын, 6 мыңнан астам жетім баланы, 12 мыңға жуық бюджеттік салада еңбек ететін қызметкерлерді және жалғыз, тұрғын үйі апатты деп танылған азаматтарды тұрғын үймен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Автомобиль жолдарының жағдайын жақсарту

Қазіргі уақытта қанағаттанарлық жағдайдағы жергілікті маңызы бар жолдардың үлесі тұрақты өсуде, бірақ бұл бағыттағы жұмысты жалғастыру қажет.

Автожолдардың сапасын жақсарту үшін мен ықпал етемін:

– жергілікті маңызы бар 400 шақырымнан кем емес автомобиль жолдарын салу (қайта құру);

– ұзындығы 900 шақырымнан асатын облыстық маңызы бар жолдарды орташа жөндеуден өткізу;

– кем дегенде 450 шақырым кентішілік жолдарды жөндеу;

– көлік қызметтерінің сапасын жақсарту үшін «QazTechna» автобустар шығаратын Саран зауыты шығаратын 200-ге жуық автобус сатып алуға ұмтылатын болады.

Сапалы сумен және орталықтандырылған газбен қамтамасыз ету

Өңірдің 357 елді мекенінен орталықтандырылған сумен – 5 қала және 219 ауыл (97,1%), орталықтандырылмаған – 125 ауыл, өкелінген сумен 5 ауыл қамтамасыз етілген.

Қарағанды өңірі бойынша электрмен жабдықтау желілерінің тозуы 69% жылумен жабдықтау – 67,7%, су бұру 67,6% құрайды.

Газдандыру деңгейі шамамен 4,9% құрайды (2 елді мекен, 16,6 мың адам).

Жылумен, сумен және газбен жабдықтау мәселелерін шешу үшін:

– 21 ауылдық елді мекенде сумен жабдықтау объектілерін салу, 109 ауылдық елді мекенде суды блок-модульдік тазарту кешендерін орнату;

– АГРС-тен Қарағанды қаласының 84 шақырым газ тарату желілерін салу;

– Қарағанды өңірі бойынша 100 шақырым газ тарату желілерінің құрылысы.

135 шақырым сумен жабдықтау желілерін қайта құру және салу қарқыны, бұл тозудың 61,2%-ға дейін төмендеуіне қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Сапалы білім беру үшін жағдай жасау

Аймақта 420 жалпы білім беретін мектеп (оның ішінде 11 жеке меншік), 411 мектепке дейінгі мекеме (оның ішінде 92 жеке меншік), 43 қосымша білім беру ұйымдары жұмыс істейді.

Бүгінгі таңда аймақтың барлық мектептерін интернетпен қамтамасыз ету 83% құрайды;

2 жастан 6 жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі біліммен қамту – 79,5%, 3 жастан 6 жасқа дейін – 100%. 2 жастан 6 жасқа дейінгі балалардың кезектілігі 8,2 мың баланы құрайды.

Ағымдағы оқу жылында 77,1% немесе 6017 адам 9-сыныптан кейін техникалық және кәсіптік білім беру базасында тегін оқу орындарына түсті.

Өңірде оқушы орындарының тапшылығы 2,6 мың оқушыны құрайды.

Мен орындау үшін келесі мақсаттарды қоямын:

– оқушы орындарының тапшылығын жою үшін кемінде 20 жаңа мектеп салу;

– 60 білім беру нысанын күрделі жөндеуден өткізу;

– шағын қалаларда, аудан орталықтарында және ауылдарда жыл сайын кемінде 100 мектепті заманауи стандарттар бойынша жаңғырту;

– робототехника, химия, биология, физика, STEM зертханаларының заманауи мектеп кабинеттерінің салтанатты ашылуы;

– аймақтың барлық мектептерін интернетпен қамтамасыз ету;

– 50-ден астам мектепке дейінгі ұйымдардың салтанатты ашылуы;

– 2 балалар сауықтыру лагерін салу;

– Қарағанды қаласында 2 оқушы сарайының құрылысын салу;

– 100 мыңнан астам талапкерлер үшін колледждерде оқуға мемлекеттік тапсырысты бөлу шарты;

– жастарды сұранысқа ие мамандықтар бойынша колледждерде тегін оқытумен 100% қамтуды қамтамасыз ету (9-сынып түлектері);

– студенттік жатақханаларда 500 жаңа орынды енгізу тәртібі.

Медициналық көмектің қолжетімділігін арттыру

Өңірде 143 денсаулық сақтау мекемесі бар, оның ішінде мемлекеттік – 44, жеке – 96 және ведомстволық – 3, онда 16 мың дәрігер мен медбике жұмыс істейді.

Денсаулық сақтау ғимараттарының тозуы 46% құрайды. Өңір бойынша 197 дәрігердің тапшылығы бар.

Осы мәселелерді шешу үшін мен мыналарды қамтамасыз етуді жоспарлап отырмын:

– жыл сайын шамамен 1,4 мың адамды қамти отырып, дәрілік заттардың, мамандандырылған балалар және емдік тамақ өнімдерінің қолжетімділігі;

– ауылда дәрігерлік кадрлармен және заманауи жабдықтармен жабдықталған 108 жаңа медициналық нысанның ашылуы;

– онкологиялық қызметті кешенді жаңғырту;

– «Қарағанды медицина университеті» ҰБА жанындағы көпсалалы клиникалық аурухана, перинаталдық орталық салу;

– Теміртау және Балқаш қалаларында ауданаралық орталық ауруханалардың ашылуы.

Өнеркәсіптік кәсіпорындарда қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету және кеншілер мен металлургия үшін әлеуметтік бағдарламаларды дамыту үшін:

– өндірістегі адам факторды барынша азайтуға бағытталған ірі кәсіпорындардың цифрлық жүйелері мен технологияларын жаңғырту және енгізу;

– өндірістік жарақаттанудың өсуіне жол берген кәсіпорындарға бақылау мен жауапкершілікті күшейту;

– өнеркәсіптік қауіпсіздік жөніндегі мемлекеттік органдардың аса қауіпті өндірістік кәсіпорындардың жұмысын бақылау жөніндегі жұмыс әдістемесі мен алгоритмін қайта қарау;

– жас мамандарға, кеншілер мен металлургияға арналған өңірлік 5% ипотекалық бағдарламаларды іске асыру тәртібі;

– Жас мамандар жылдық 5% 20 млн теңгеге дейін қарыз ала алады. Бастапқы жарна – соманың 10%, Қарыз мерзімі – 19 жылға дейін.

Биыл 75 қарыз бөлінді.

Кейіннен бюджетпен берілетін жеңілдіктер саны ұлғайтылатын болады

Жалпы спортты дамыту

Өңірде деңгейінің қысқартуымен және спортпен шұғылданатын азаматтардың саны 38% құрайды.

Спорттық инфрақұрылымның жеткіліксіздігі балалар мен жасөспірімдердің, ересек тұрғындардың спортпен шұғылдану, денсаулығын нығайту және бос уақытын тиімді өткізу мүмкіндігін жояды.

Бұл жағдайды өзгерту және қолданыстағы спорт нысандары мен халық үшін секциялардың қолжетімділігін арттыру қажет.

Ол үшін мен келесілерге қол жеткіземін:

– Бұқар жырау ауданының және Приозерск қаласының Саран к., Топар және Ф.Мұстафин Ақтас кенттерінде 10 спорт нысанын, оның ішінде 4 деңгейінің шынықтыру-сауықтыру кешенін салу;

– жаңа корттар мен спорт алаңдарын орнату;

– бір мыңнан астам спорт секцияларының, балалар-жасөспірімдер және балалар-жасөспірімдер

Фидратты ұстаз



Ең алғаш әріп танытып, қолға қалам ұстатқан ұстаздарымыз – қазіргі сана биігінде отырған әр адамзаттың өмірінде кездесетін ұлы күндердің бірі және бірегейі. Ұстаз – ұлы есім, ұлы қызмет. Ұстаз – абырой мен

ар ісі. Ол тәрбиелеген кілең мықты шәкірттері күн мен ай сияқты бар адамзатқа өзінің нұр жарығымен жол сілттеп, шуағын төгіп, жарық жолы өзінің бәйге бермес шәкірттері арқылы жұлдыз сияқты жарқылдап тұрады. Ұстаз – бойындағы қабілетті, қадір мен қасиетті тең ұстап, тәлім беретін оқушы балаларды елдің болашағы деп қарайтын, кенінен ойлайтын даналық иелері. Ұстаз – білімді бойға сіңіруді ғана місе тұтпайды, ұстаз – адамгершілік қасиеттерімен әр оқушының жүрегінен ойып тұрып орын алып, үлкен жолға бағдар беретін тұлға.

Сыни көзбен қарап көрсек, ұстаз білім бере отыра, елдің ұлтандарын тәрбиелеп отырады. Мемлекет ішінде, қоғам арасында туындаған көкейтесті мәселелерді өзінің пәні негізінде кәсіби түрде дұрыс арнаға бастай біліп, бұлақтың көзін ашуға ықпал жасайтын жақын адамдарының біріне айналады екен.

Ұлттық сана, ұлттық діл, тіл мәселелерін көтеру арқылы елдің іргесін нығайтуға, ұлттық рухты көтеруге, білімнің маңызын айшықтауға, келешек ел үшін қызмет ететін нар тұлғаларын әр мөлiмдемесінде көркем, мағыналы дәрісімен Түсіпбекова Түймекүл Ғасымқұлқызының ұстанымы ерек әрі өзекті екенін айта аламыз.

Түймекүл Ғасымқұлқызы бойында кәсібилігі жоғары ұстазға тән адалдық, еңбексүйгіштік, қайсар, жаңашыл, белсенді қасиеттерімен танылған, еңбек қызметін ұйымдастырудағы кәсіби дағды қабілеттері арқылы даңғыл жолға ақ адал еңбегімен жеткен жан.

Ол 1958 жылы, наурыз айының он алтысында Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Тасарал ауылында дүниеге келген. Ұстаз дара жолын 1978 жылы Тасарал жалпы білім беретін мектепте алғашқы жылдары жекелеген оқушыларды үйде оқыту арқылы сабақ беруден бастады. Мектепте мұғалімдік жұмыс жасай

отырып, 1980-1986 жылдар аралығында Қарағанды қаласындағы Е.Бөкетов атындағы мемлекеттік университетінде қазақ тілі мен әдебиеті факультетін сырттай оқып бітіреді. 1986 жылдан бастап Тасарал жалпы білім беретін мектепте қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болып зейнет жасына шыққанға дейін абыроймен қызмет етті.

«Ұстазы жақсының – ұстанымы жақсы» деген дана қазақ. Түймекүл Ғасымқұлқызы 2001-2005 жылдар аралығында директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары қызметін атқарды.

Өз еңбек жолында Түймекүл Ғасымқұлқызы «XXI ғасыр көшбасшысы», «Тоғызқұмалақ» сынды озық байқау түрлерінен оқушыларды түрлі зияткерлік жарыстарға дайындап, аудандық жарыстарда бірнеше рет бас жүлделі орындарға ие болған. Түймекүл ұстаз оқушылардың бойындағы қабілеттерді байқап, оң бағытқа қарай саралай білді.

Түймекүл Ғасымқұлқызы 2005-2016 жылдар арасында директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары болып қызмет атқарған кезеңдерінде өз ізденімпаздығымен біліктілігін көтеріп, білімін үнемі ұжымындағы жас маман педагогтерге үйретуден талмай, білім саласына еңбегін сіңіре білді. Пән олимпиадаларында оқушылардың пәнге деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында аудандық, облыстық сайыстарға қатыстырып, бірінші, екінші орындарды иеленіп отырды.

Еліміздегі бәсекеге қабілетті, жауапкершілігі мол интеллектуалды жас ұрпақты тәрбиелеп шығаруда бар күш-қайратын аямай жұмсады. «Ұстаздық еткен жалықпас...» деген қазақта мәнді де мағыналы мақал-мәтел бар.

Ұстаздыққа өмірінің 45 жылын тарту еткен Түймекүл Ғасымқұлқызы ауыл мектебіндегі жемісті еңбегінің нәтижесінде 2009 жылы Ақтоғай ауданы әкімінің Алғыс хатымен, 2016 жылы Қарағанды облысы Білім басқармасының Құрмет грамотасымен, 2017 жылы ҚР Білім және ғылым министрлігінің Алғыс хатымен марапатталған. «Ұстаз – мектептің жүрегі» екендігін дәлелдеген тұлға Түсіпбекова Түймекүл Ғасымқұлқызы биыл 65 жас мерейтойға жетіп отыр. Ұстаздан терең білім алып, адамгершілік мұраттарға қол жеткізген Тасарал жалпы білім беретін мектептің барша шәкірттері мен әріптестері мерейтой иесін шын жүректен құттықтай отырып, шығармашылық табыстар мен таусылмайтын қуаныштар тілейді.

Сұлтан Бағдат,

АБ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың журналистика факультетінің 3 курс студенті.

Жастар – ертеңгі елдің шамшырағы. Сол себепті, елімізде жас мамандарға ерекше ден қойылууда. Әсіресе, білім беруде нәтижеге жету оңай емес. Себебі, оның міндеті білім сапасын көтеруді мақсат етіп қояды. Педагог алға қойған мақсатқа жету үшін үнемі шығармашылықпен айналысып,

Жарқын болашақ иесі – бүгінгі жас маман



өз біліктілігін дамытып отыруы қажет. Осы орайда, 6 наурыз күні Қосымша білім беру орталығында ауданның білім бөлімінің басшысы Айдос Көріғұлұлы жас мамандармен «Жарқын болашақ иесі – бүгінгі жас маман» атты кездесу өткізді. Кездесуге ардагер ұстаздар және ауданға қарасты білім беру ұйымдарындағы жас мамандар қатысты.

Еркін форматта өткен кездесудің мақсаты ауданымыздың білім саласында үлгілі қызмет атқарып жүрген жастарды одан әрі ынталандыру, мұғалімдердің қоғамда алар орындары бөлек екендерін жеткізу болды. Кездесу барысында Айдос Көріғұлұлы: – «Жас келсе – іске» деген дана халқымыз жастарымызға әрқашанда сенім артып, қолдау көрсетіп отырған. Ел болашағы жастарымызға жас ұрпақты тәрбиелеп, сапалы білім беру – мемлекетіміздің дамуының басты бағыттарының бірі. Бұл кездесулер алдағы уақытта жалғасын табатын болады. Сондай-ақ, жас маман альянсы құрылу жоспарлануда, – деп ұстаздардың ой-пікірін тыңдап, келелі сұхбат құрды.

Сонымен қатар, ардагер ұстаз Гүлнар Рахимбекова жас мамандарға аға ұрпақ өкілі ретінде өсиет тілегін және жылы лебізін білдірді.

Кездесу соңында білім бөлімінің басшысы білім беру саласындағы ұзақ жылғы жемісті еңбектері мен жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеуде жетістіктерге жеткен ұстаздарды марапаттап, 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күнімен құттықтады.

Думан ҚАБЫЛ.

(Соңы. Басы 3-бетте).

дене шынықтыру клубтарының салтанатты ашылуы;

– жылына он мыңнан астам балаларға спорт секцияларына немесе шығармашылық үйірмелерге, ең алдымен көпбалалы және әлеуметтік сәл отбасылардың балаларына тегін бару мүмкіндігін беру мүмкіндігі;

Ерекше қажеттіліктері бар адамдарды қолдау үшін мен жәрдемдесетін боламын: Қарағанды облысында ерекше қажеттіліктері бар адамдардың саны 57,7 мың адамды құрайды. **(Жалғасы 4-бетте).**

– жыл сайын кемінде 100 баланы қамтитын, Саран қ., Балқаш қ., Шет, Нұра аудандары психологиялық-педагогикалық түзету 4 кабинетін ашу;

– мемлекеттік тапсырыс аясында жыл сайын кемінде 300 ерекше қажеттіліктері бар балаларды арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау;

– барлық спорт кешендерінде ересектер мен ерекше қажеттіліктері бар балалар үшін спортпен шұғылдануға жағдай жасау;

– ерекше қажеттіліктері бар 700 азаматты жыл сайын жұмысқа орналастыру;

– ерекше қажеттіліктері бар адамдарды жұмысқа орналастыру, психологиялық және құқықтық көмек көрсету мәселелері бойынша екі орталықтың ашылуы.

Жастарды қолдау

Өңірде 325,2 мың (35 жасқа дейін), 211,8 мың (29 жасқа дейін) жастар тұрады. Жұмыссыз жастардың саны 4 мың адамды құрайды.

Өңірде жұмыссыздық деңгейін төмендету үшін мынадай бағдарламалар жұмыс істейді: жастар практикасы, бірінші жұмыс орны, ұрпақтар келісім-шарты, қоғамдық жұмыстар.

Жастарды қолдау үшін мен жастарды жұмыспен қамтуға және тұрғын үй мәселелерін шешуге ықпал етемін, атап айтқанда:

– «Жасыл ел» еңбек жасақтарын ұйымдастыру жолымен жазғы кезеңге 1,5 мың адамды жыл сайын жұмысқа орналастыру;

– «Түлектерге арналған Жастар практикасы» жобасына кемінде бір мың жастың қатысуына атсалысу;

– «Дипломмен – ауылға» жобасы аясында тұрғын үй сатып алуға немесе салуға 500 жас маманға бюджеттік несиелер беру;

– конкурстық негізде жас кәсіпкерлерге жылдық 2,5% жеңілдікпен несиелер беру;

– жастар кәсіпкерлігін дамытуға және қолдауға арналған жыл сайынғы гранттарды беру.

Қарағанды облысы қоршаған ортаны ластау мәселелері өткір тұрған ең ірі өнеркәсіптік аймақтардың бірі болып табылады.

Экологиялық жағдайды жақсарту үшін мен келесі мәселелерге қол жеткіземін:

атмосфералық ауаны қорғау бойынша:

– Қазақстан Республикасының жаңа экологиялық кодексінің талаптарын мұлтіксіз орындау;

– Қарағанды облысы 2020-2024 жылдарға арналған экологиялық проблемаларын кешенді шешу жөніндегі жол картасы мен «Жасыл Қазақстан» ұлттық жобасының өнеркәсіптік кәсіпорындардың жоспарларында белгіленген табиғат қорғау іс-шараларының сапалы іске асырылуын бақылау жолымен шығарындыларды азайту және түгін мәселесін шешу;

Теміртау қаласы мен оған іргелес кенттердің тұрғын үйлері мен мемлекеттік мекемелерін көмірден газға ауыстыру.

су объектілерін қорғау бойынша:

– кәріз желілері мен тазарту құрылыстарының конструкцияларының беріктігін нығайту жөніндегі іс-шараларды өткізу тәртібі;

көгалдандыру:

– облыстағы жасыл екпелердің ауданын ұлғайту.

Қатты тұрмыстық қалдықтар саласында:

– барлық рұқсат етілмеген полигондарды жою;

– аймақта қалдықтарды басқарудың өңірлік жүйесінің 6 объектісін салу;

– Қатты тұрмыстық қалдықтар 131 полигонын экологиялық талаптарға және санитарлық ережелерге сәйкес келтіру;

– Қатты тұрмыстық қалдықтар ондеу үлесін 55%-дан 60%-ға дейін ұлғайту.

Нәтижесінде барлық стихиялық полигондар жойылады, ластаушы заттар шығарындыларының лимиттері төмендетіледі.

ҚҰРМЕТТІ САЙЛАУШЫЛАР! Бұл Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты болып сайланған жағдайда іске асыруға ниет білдірген негізгі міндеттерім. Әрине, күнделікті өмірде әрқайсысымызда әртүрлі мәселелер туындауы мүмкін. Егер біз бірге және біртұтас болсақ, олар шешіледі. Менің өмірлік ұраным: «Мен әрқашан халықпен біргемін!».

(Материалдың жариялану ақысы республикалық бюджет қаражатынан төленді).

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА ҮМІТКЕРДІҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

«Ел аманаты – ер міндеті»

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттығына Қарағанды облысы №19 бір мандатты округінен үміткер Шаекін Рауан Михайлұлының өмірбаяны



Шаекін Рауан Михайлұлы 1962 жылы Қарағанды облысы, Қарқаралы қаласында туған, ұлты – қазақ, білімі жоғары. 1969 жылы Қарқаралы қаласындағы №2 орта мектепте оқуын бастап, кейін ата-анасының қызмет бабымен ауысуына байланысты Молодёжный, Ульяновск кенттерінде оқып, мектеп бітірді. 1979 жылы Қазақ КСР ІІМ Қарағанды жоғары мектебіне оқуға түсіп, оны ойдағыдай бітіріп, полиция лейтенанты атағын алады.

Білімін жалғастыру мақсатында 1998 жылы Академик Е.Бөкетов атындағы ҚарМУ-да экономист мамандығын алды.

2004 жылы Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Дипломатиялық қызмет академиясын бітірген, халықаралық қатынастар саласының маманы.

Заң ғылымдарының кандидаты.

Ішкі істер органдарында 14 жыл тергепші, адвокат болып қызметтер атқарған. 1994 жылдан бастап бірқатар коммерциялық құрылымдарды басқарды.

1999-2004 жылдары 2-шақырылым бойынша Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты, 2004-2007 жылдары 3-ші шақырылым Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты болып сайланды.

2007-2011 жылдары Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің 4-ші шақырылымының депутаты болды.

2012-2016 жылдары 5-ші сайланған Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты. Мәжілісте Экономикалық реформа және өңірлік даму комитеті мен Аграрлық мәселелер комитетінде қызмет етті.

Кәсіпкер, үйленген, екі ұл тәрбиелеп өсірген. «Құрмет» орденімен, «Шапағат» медалімен марапатталды.

Сайлауалды бағдарлама

Құрметті сайлаушылар!

Біз Жаңа Қазақстан құру жолында, үш қағидатты нысанға алуымыз қажет.

Олар: ӘДІЛЕТТІ МЕМЛЕКЕТ – ӘДІЛЕТТІ ЭКОНОМИКА – ӘДІЛЕТТІ ҚОҒАМ.

Біз жаңа кезеңге қадам бастық. Халқымыз жалпыұлттық референдумда саяси жаңғыру бағдарын қолдады. Конституциялық реформа Жаңа Қазақстанды құру жолындағы аса маңызды іс болды.

Елімізде басталып жатқан ауқымды Конституциялық, саяси, экономикалық, әлеуметтік, реформаларға атсалысатын уақыт келді деп шешім қабылдадым.

Парламентке өмірлік және азаматтық ұстанымы берік, барлық салада терең білімі бар сайлаушылардың өкілдері қажет екеніне сенімдімін.

Мен Қарағанды облысының 19-шы сайлау округінен үміткермін – бұл 12 аудан-қала.

Мен Парламентте тұрғындардың мүддесін қорғауға дайынмын ба?

Әрине, мен сіздерді «Иә» деп сендіремін!

Менің 1999-2004 жылдары екі шақырылымдағы Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты ретінде тәжірибем бар.

2004-2007 бір мандатты сайлау округі бойынша Қарағанды облысының Саран қаласы, Ақтас ауылы, Осакаров, Нұра, Бұқар жырау және Қарқаралы аудандары кірді. Осы кезеңдер аралығында заң шығару үдерісіне – Салық кодексі, Су кодексі, Орман кодексі, Жер кодексі, «Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» заңдарды қабылдауға белсенді қатыстым.

Республикалық бюджетті бекіту кезінде облыстан инвестициялық жобалар ұсынып, бөлінген қаржы денсаулық сақтау, білім беру нысандарының құрылысы, ауыз су және автокөлік жолдарын жөндеу салалары қамтамасыз етілді. Мысалы, Киевка кентіндегі кәсіптік лицей, ұлы байланыс станциясы, «Киевка-Астана» жолын жөндеу; Ботақара кентіндегі заманауи аурухана, «Таза ауыз су» бағдарламасы арқылы 6 ауылдық округіндегі су құбырлары; Қарқаралы ауданында 9 ауылдық округте жаңа су құбырларының құрылысы, Қарқаралы қаласында заманауи аурухана, кәсіптік лицей, орамшыл жолдар; Осакаровка ауданында – 4 ауылдық округте су құбырлары, Осакаровка кентінде – жаңа аурухана, реконструкцияланған жол төсемінің астындағы магистральдық су құбырын өткізу; Саран қаласында «РТИ» зауыты жұмысшыларының жалақысы бойынша берешекті төлеу мәселесін шешу үшін комиссиялар құрылып, жергілікті қазандықтар монополистер тізілімінен шығарылды, орамшыл жолдар су құбырлары қайта жаңғыртылды.

2007-2016 жылдары сайлау заңнамасына енгізілген өзгерістерге байланысты барлық республика бойынша партиялық тізімнен сайлау округтері болды, бұл бір мандаттық округ депутаттығының жұмысынан басқаша, тек партиялық насихаттар жұмысымен ерекшеленді.

Дегенмен, қоғамдық жұмыстармен айналысуды тоқтатқан жоқпын. Сайлаушылардың өтініші бойынша жыл сайын олимпиадалық резерв мектебінің базасында еліміздің жалпы білім беретін мектептерінің оқушылары арасында баскетболдан республикалық турнирлер, патриоттық тақырыпта эссе байқаулары өткізіліп тұрды.

Кәсіпкерлік кодекс жобасына өзгерістер мен толықтырулар енгізе отырып, шағын және орта бизнесті дамытуға көп көңіл бөлдім. Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің түйткілді мәселелерін шешу үшін субсидиялау ережесін (азықтың құнын арзандату, несие мөлшерлемесін төмендету, инвестициялық субсидиялау) қайта қарауға қатысты «Ауыл шаруашылығы туралы коперативтер» Заңын қабылдау бойынша жұмыс тобының жетекшісі болдым.

Құрметті сайлаушылар!

Бұрынғы қызметім туралы қысқаша мәлімет бере отырып, мен сіздердің аманаттарыңызға қиянат жасамай, сенімдеріңізден шыға алдым деп ойлаймын. Сіздер, құрметті сайлаушылар, егер маған сенім білдіріп, қолдасңыздар, мен үшін тәжірибе жинақтауға уақыт қажет емес. Сіздер сайлаған депутат ретінде міндеттеріме іркіліссіз кірісуге осы уақытқа дейінгі жинақтаған білімім мен тәжірибем мол мүмкіндік береді деп санаймын.

Менің бағдарламаның негізгі бағыттары

1. Қалалардың әлеуметтік-экономикалық дамуы

- қала тұрғындарын сапалы жылумен, сумен, электроэнергиясымен қамтамасыз ету, сонымен қатар жөндеу, жаңғырту және коммуналдық инфрақұрылымдардың жаңа құрылыстарын салу;
- шетел капиталының қатысуымен кәсіпорындарда жұмысшы мамандықтары бойынша оқыту және жұмысқа орналастыру және орта және жоғары басшылық лауазымдарына еліміздің азаматтарын тағайындау;

- аталған кәсіпорындарда еңбек заңнамасының және еңбек қауіпсіздігінің сақталуын бақылауды күшейту;

- біздің қызметкерлер мен шетелдік мамандардың еңбекақысындағы тепе-теңсіздікті барынша азайту;

- кәсіпорындардағы кәсіподақ ұйымдарының ықпалын күшейту;

- өндіріс процесінде жергілікті қамтуды арттыру үшін шағын және орта бизнестің ірі кәсіпорындармен байланысын дамыту және нығайту;

- қалалар мен ауылдық елді мекендерде шағын және орта бизнесті жедел дамыту үшін жер учаскелеріне тиісті рұқсаттар мен мемлекеттік актілерді алу шарттарының мерзімін қысқарту;

- шағын және орта бизнес үшін салық есептілігін жеңілдету үшін жылына бір рет қана тапсыруды шешу.

2. Ауыл шаруашылығы аудандарын әлеуметтік-экономикалық дамыту

- ауылдағы шағын, орта фермерлер мен жеке қосалқы шаруашылықтарға көмек пен қолдау көрсету мақсатында дайындау, сервистік және маркетингтік ауыл шаруашылығы кооперативтерінің желісін құру, кооперативтерге мемлекеттік қолдау және салықтық жеңілдіктер беру;

- ауылдық елді мекендердің тұрғындарына төмен пайызбен, ұзақ мерзімді, өзін-өзі қамтамасыз етумен несиелер беру;

- «Дипломмен – ауылға» бағдарламасының шарттарын тек дәрігерлер мен мұғалімдерге ғана емес, ауылға көшуге ниет білдірген барлық жұмысшы мамандығы бар азаматтарға қолдану. Оларды лайықты тұрғын үй-тұрмыстық жағдайлармен қамтамасыз ету.

3. Экология

- табиғатты қорғау заңнамасының сақталуын тексеру үшін ірі кәсіпорындарға қолжетімділік құқығымен қоғам өкілдерін кеңінен қатыстыра отырып экологиялық бақылауды қамтамасыз ету;

- экологиялық қолайсыз кәсіпорындарда зиянды заттардың нақты шығарындыларын жыл сайын 5-7%-ға азайту;

- облыстың елді мекендерінде ескі, иесіз полигондарды қалпына келтіру, қатты тұрмыстық қалдықтарды сұрыптау мен қайта өңдеу жұмыстарын ұйымдастыру;

- қалаларда жұмыс істеп тұрған газарту құрылымдарын қалпына келтіру және жаңадан салу.

4. Білім, медицина, мәдениет

- мектептердің материалдық-техникалық базасын жаңарту, ескі және апатты мектептердің орнына заманауи жайлы мектептер салу;

- ауылға сұранысқа ие мамандарды дайындайтын оқу орындарында квоталар санын көбейту;

- 3 жылға жұмыстан шығаруға тыйым салу арқылы жас мамандарды мақсатты бөлуді қалпына келтіру және оларға тұрғын үй, әлеуметтік-тұрмыстық жағдай жасау;

- жұмысшы мамандарды дайындайтын лицейлер мен колледждердің студенттерін меншік түріне қарамастан кәсіпорындарды өндірістік практикаға қабылдауды заңды түрде міндеттеу;

- 100 адамнан аз елді мекендердің, сондай-ақ алыс аймақтардың тұрғындарына медициналық көмек көрсету үшін мобильді бригадаларды қолдануды кеңейту;

- экологиялық жағдайы қолайсыз (өкпе, онкологиялық және басқа да аурулар) қалаларда жүйелі медициналық скринингке қол жеткізу;

- жаңа мәдениет мекемелерін салу;

- этнографиялық және экологиялық ішкі туризмді дамыту;

- бұқаралық және ұлттық спорт түрлерін дамыту бойынша жарыстар ұйымдастыру.

5. Әлеуметтік қорғау

Дайындалып жатқан «Әлеуметтік Кодекс» жобасын қарау және қабылдау кезінде:

- мүгедектерге, зейнеткерлерге, ардагерлерге, аз қамтылған отбасыларға, көпбалалы аналарға және балалы жас отбасыларға тұрақты түрде әлеуметтік және материалдық көмек көрсету;

- балалы жас отбасыларды әлеуметтік қолдау шараларын жүзеге асыру;

- қауіпті және ауыр өндірістерде жұмыс істейтін қызметкерлердің санаттарына қарай зейнеткерлік жасын төмендету;

- көпбалалы, мүгедектер мен асыраушысынан айырылған отбасыларға берілетін жәрдемақыны ұлғайту;

- зейнетақыларды, жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді жылына 2 рет индексациялауды жүргізу;

- барлық меншік нысанындағы жұмыс берушілерді инфляция деңгейін ескере отырып, жалақыны көтеруге міндеттеу.

Құрметті сайлаушыларым!

Менің міндетім – сайлауда жеңіске жету ғана емес, бастысы, сіздердің сенімдеріңізді сақтау және ақтау! Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі тек заң шығарушы ғана емес, ең алдымен биліктің өкілді органы болып табылады. Өкілдік билік – бұл сіздердің мүдделеріңізді, яғни Қазақстан азаматтарының мүдделерін қорғауда табандылық көрсетудегі менің құқықтарым мен жауапкершілігім! Мен оны орындауға уәде беремін!

Егер сайлана қалсам, «Сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының 13-2 тарауына сөйкес, Парламент Мәжілісі депутаты қызметіме сіздердің бағаларыңызды алу үшін 2025 жылы округ сайлаушылары арасында әлеуметтік сауалнама жүргізуді жоспарлап отырмын.

Сайлаушылардың аманаттарымен тығыз және сапалы жұмыс істеу үшін Қарағанды қаласында менің қоғамдық қабылдау бөлімім ашылды, ол тұрғындармен тікелей және онлайн режимінде жұмыс істейді.

(ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттығына кандидат Р.М.Шаекіннің сайлау қорынан төленді).

ПРЕДВЫБОРНАЯ ПРОГРАММА КАНДИДАТА В ДЕПУТАТЫ МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Биография кандидата в депутаты Мажилиса Парламента Республики Казахстан от одномандатного округа №19 Карагандинской области Шакина Рауана Михайловича

«Наказы избирателей – моя обязанность»



Шакин Рауан Михайлович родился в 1962 году в городе Каркаралинск Карагандинской области, национальность – казах, образование – высшее.

В 1969 году начал учиться в средней школе №2 города Каркаралинск, затем в связи со сменой места работы родителей, продолжил обучение в посёлках Молодежный, Ульяновский.

В 1979 году поступил в Карагандинскую

высшую школу МВД Казахской ССР, успешно окончил её и получил звание лейтенанта милиции.

С целью продолжения образования в 1998 году обучался в КарГУ им. академика Е.А.Букетова и получил специальность экономиста.

В 2004 году окончил Академию дипломатической службы ЕНУ имени Л.Н.Гумилева, специалист в области международных отношений.

Кандидат юридических наук.

Проработал 14 лет в органах внутренних дел следователем и адвокатом. С 1994 года возглавлял ряд коммерческих структур.

В 1999-2004 годах избран депутатом Мажилиса Парламента РК 2-го созыва, в 2004-2007 годах – депутатом Мажилиса Парламента РК 3-го созыва, в 2007-2011 годах депутат Мажилиса Парламента РК 4 созыва, в 2012-2016 годах депутат Мажилиса Парламента РК 5-го созыва. В Мажилисе работал в Комитете по экономической реформе и региональному развитию и Комитете по аграрным вопросам.

Предприниматель, женат и воспитал двоих сыновей.

Награждён орденом «Күрмет», медалью «Шапағат».

Предвыборная программа

Уважаемые избиратели!

При создании Нового Казахстана нам необходимо ориентироваться на три принципа. Это СПРАВЕДЛИВОЕ ГОСУДАРСТВО – СПРАВЕДЛИВАЯ ЭКОНОМИКА – СПРАВЕДЛИВОЕ ОБЩЕСТВО.

Мы вступили в новый период. Наш народ на общенациональном референдуме поддержал конституционные реформы и направление политической модернизации. Я решил, что пора принять участие в масштабных политических, экономических, социальных реформах, которые начинаются в нашей стране.

Уверен, в Парламенте нужны представители избирателей, обладающие сильной жизненной и гражданской позицией, глубокими знаниями во всех сферах.

Я баллотируюсь от 19-го избирательного округа Карагандинской области – это 12 районных городов. Готов ли я представлять интересы жителей в Парламенте?

Могу заверить – да!

Я имею опыт работы в Мажилисе Парламента РК двух созывов 1999-2004 г.г., 2004-2007 г.г. по одномандатному округу, в который входили г.Сарань, п.Актас, Осакаровский, Нуринский, Бухар жырауский и Каркаралинский районы Карагандинской области. За указанный период я активно участвовал в законотворческом процессе – принятии Налогового кодекса, Водного кодекса, Лесного кодекса, Земельного кодекса, Закона о местном государственном управлении и самоуправлении. При утверждении Республиканского бюджета обоснованно с предъявлением инвестиционных проектов из области, способствовал выделению данных средств на строительство объектов здравоохранения и образования, водообеспечения, автомобильных дорог. Например, профессионально-технический лицей, станция сотовой связи в п.Киевка, ремонт дороги «Киевка-Астана»; современная больница в п.Ботакара, водоводы в 6-и сельских округах Бухар-Жырауского района по Программе «Питьевая вода»; в Каркаралинском районе – строительство новых водоводов в 9-и сельских округах, в г.Каркаралинске – современная больница, профессионально-технический лицей, внутриквартальные сети; в Осакаровском районе – водоводы в 4-х сельских округах, в п.Осакаровка – перенос магистрального водовода под полотном реконструируемой дороги; в г.Сарань – были созданы комиссии для решения вопроса выплаты долгов по зарплате работникам завода «РТИ», из реестра монополистов выведены локальные котельные, реконструированы внутриквартальные водоводы.

В 2007-2016 годах в связи с изменениями в выборном законодательстве я был избран депутатом Мажилиса Парламента РК по партийному списку. Поскольку для партии избирательным округом была вся республика, приоритеты в работе депутата от партии отличались от работы депутата по одномандатному округу.

Однако общественную работу я не прекращал. По просьбе избирателей ежегодно проводил республиканские турниры по баскетболу среди учащихся общеобразовательных школ страны на базе школы Олимпийского резерва, а также конкурсы сочинений на патриотические темы.

Я уделял большое внимание развитию малого и среднего бизнеса, внося свои изменения и дополнения в проект Предпринимательского кодекса. Для решения проблемных вопросов сельхозтоваропроизводителей участвовал в доработке Правил субсидирования (удешевления кормов, снижения кредитной ставки, инвестсубсидий), был руководителем рабочей группы по принятию Закона о сельскохозяйственных кооперативах.

Уважаемые избиратели!

Представив вам краткую информацию о своей предыдущей деятельности, считаю, я всегда был с вами, с вашими бедами, наказами. Если вы, уважаемые избиратели, окажете мне своё доверие, мне не нужно время на раскочку. Знания, практический опыт позволяют мне незамедлительно приступить к выполнению обязанностей вашего депутата.

Основные направления моей программы:

- 1. Социально-экономическое развитие городов**
 - контролировать качественное обеспечение жителей городов теплом, электроэнергией и водой, а также ремонт, модернизацию и строительство коммунальной инфраструктуры;
 - обучение и трудоустройство на рабочие специальности и назначение на руководящие должности среднего и высшего звена граждан нашей страны на предприятиях с участием иностранного капитала;
 - усилить контроль за соблюдением трудового законодательства и безопасности труда на данных предприятиях;
 - минимизировать диспропорцию в оплате труда наших работников и иностранных специалистов;
 - усиление роли профсоюзных организаций на предприятиях;
 - развитие и укрепление связей малого и среднего бизнеса с крупными предприятиями для повышения казахстанского содержания в производственном процессе;
 - для ускоренного развития малого и среднего бизнеса в городах и сельских районах максимально упростить условия и сократить сроки получения соответствующих разрешений и госактов на земельные участки;
 - упростить сдачу налоговой отчётности для малого и среднего бизнеса, доведя её до 1 раза в год.
- 2. Социально-экономическое развитие сельских районов**
 - создание сети заготовительных, сервисных и сбытовых сельскохозяйственных кооперативов в целях оказания помощи и поддержки малым, средним фермерам и личным подсобным хозяйствам на селе, обеспечение кооперативов господдержкой и налоговыми льготами;
 - обеспечение жителей сельских районов длинными, самозалоговыми кредитами с низкой процентной ставкой;
 - распространить условия программы «С дипломом – на село» не только на врачей и педагогов, но и на людей с рабочей специальностью, изъявивших желание переехать в село с обеспечением достойных жилищно-бытовых условий.
- 3. Экология**
 - обеспечение экологического контроля с широким участием общественности с правом доступа на крупные предприятия для проверки соблюдения экологического законодательства;
 - снижение фактических выбросов вредных веществ на 5-7% ежегодно на экологически неблагополучных предприятиях;
 - рекультивация старых бесхозных мусорных свалок, организация сортировки и переработки ТБО в населённых пунктах области;
 - реконструкция существующих и строительство новых очистных сооружений в городах.
- 4. Образование, медицина, культура**
 - обновление материально-технической базы школ, строительство современных комфортных школ взамен старых и аварийных;
 - увеличение квот в учебных заведениях, готовящих востребованных специалистов для села;
 - восстановление целевого распределения выпускников с запретом на увольнение в течении 3-х лет и обеспечением их жилищно-бытовыми условиями;
 - законодательно обязать предприятия любых форм собственности принимать на производственную практику учащихся лицеев и колледжей, готовящих специалистов по рабочим специальностям;
 - расширить применение мобильных бригад для оказания медицинской помощи жителям населённых пунктов с численностью менее 100 человек, а также труднодоступных районов;
 - добиться проведения систематического медицинского скрининга в городах с неблагополучной экологической обстановкой (лёгочные, онкологические и др. заболевания);
 - строительство новых учреждений культуры;
 - развитие этнографического и экологического внутреннего туризма.
- 5. Социальная защита**

При обсуждении проекта и принятии Социального кодекса предусмотреть:

 - постоянную социальную и материальную помощь инвалидам, пенсионерам, ветеранам, малообеспеченным семьям, многодетным матерям и молодым семьям с детьми;
 - снижение пенсионного возраста для категорий работников, занятых на вредном и тяжёлом производствах;
 - увеличение пособий многодетным семьям, инвалидам и семьям, потерявшим кормильца;
 - проведение индексации пенсий, пособий и иных социальных выплат 2 раза в год;
 - обязать работодателей всех форм собственности повышать заработную плату с учётом уровня инфляции.

Моя задача – не только победить на выборах, но сохранить и оправдать ваше доверие. Мажилис Парламента РК – это не только законодательный, но в первую очередь представительный орган власти. Представительная власть – это право и ответственность представлять, отстаивать и защищать ваши интересы – интересы граждан Казахстана. Я обязуюсь это делать!

Более того, принимая во внимание гл.13-2 Конституционного закона РК «О выборах», я планирую в 2025 году провести социальный опрос среди избирателей округа, чтобы получить вашу оценку моей работы как депутата Мажилиса Парламента РК.

Для более тесной и качественной работы с наказами избирателей в г.Караганда открыта моя общественная приёмная, которая будет работать с жителями округа в очном и онлайн режимах.

(Оплачено из избирательного фонда кандидата в депутаты Мажилиса Парламента РК Шакина Р.М.).

Біле жүріңіз!

Көктем жайлы қызықты деректер

✓ Көктем – күн мен түн теңелетін, бар жаратылыс жаңарып, гүлденетін мезгіл. Көктем жайлы тылсым құбылыстар мен қызықты деректер жайлы оқи отырыңыз.

✓ Ғалымдар жекелеген өсімдіктердің шешек атуын бақылау арқылы көктем тәулігіне 50 км жылдамдықпен қозғалатынын есептеп шығарған екен.

✓ Көктем әлемнің барлық аймағына наурыз, сәуір, мамыр айларында келмейді. Мысалы, Австралия, Аргентина мен Мадагаскарға көктем қыркүйекте келеді.

✓ Көктем астрономиялық тұрғыда 20 немесе 21 наурызда келеді – көктемгі күн мен түннің теңесетін уақыты.

✓ Күз мезгіліне қарағанда көктемде адамдардың тыныс алу жиілігі үштен бірге артады.

✓ Женеваға көктем кантоналды өкімшіліктің терезесінің алдында «ресми талшын» бұр жарғанда ғана ресми түрде келеді. Әдетте, салт бойынша көктемнің келгенін ол наурызда «хабарлайды», бірақ кейде ол дәстүрді бұзып тұрады. Мысалы, 2002 жылы талшын 29 желтоқсанда бұр жарған, ал 2006 жылы екі рет гүлдеген – наурызда бір, ал кейін қазанда бір.

✓ Ал, біздің ата-бабаларымыз бұл тұрғыда көкекке сенген. Ежелде көкек шақыра бастағанда көктем келді деп есептелген.


✓ Көктем келе салысымен киім ауыстыратын біз ғана емес. Қояндар, тиіндер мен басқа да жануарлар ашық түсті ішіктерін қошқыл түске ауыстырады.

✓ Барлық құс туғанынан шырылдай алады. Бірақ жай шырылдау оларға аздық етеді, әр құс өз тұқымына тән әндерді үйренуі тиіс. Мұны олар тек келесі көктемде, 300 күн толғанда толық меңгереді.

✓ Көктем жылулығына ең бірінші өсімдіктердің тамыры сыр береді. Олар 7-8 градус жылылықта белсенді түрде өсе бастайды.

✓ Балқурай көктем гүлі түсін төрт рет ауыстырады: бүршік жарғанда ол алдымен алқызыл, сосын қызылқұрең, күлгін және кейін көк түске бөленеді.

(Материал ғаламтордан алынды).



Хаттама

Сарышаған кенті көпшілік жиналысының хаттамасы №1
Сарышаған кенті 27 ақпан 2023 ж.
Қатысқандар: 51 адам.

Күн тәртібінде

Сарышаған кентінің «Тәуелсіздік» көшесіне «Таңыбай батыр» көшесі деп қайта атауын беру туралы.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша сөз сөйлегендер.

Тыңдалды: А.Тоимбеков – Сарышаған кентінің әкімі. Еліміздің тарихы мен мәдени дамуына зор үлес қосқан ҚР Мәдениет және спорт Министрлігінің 2-ші қыркүйегіндегі №01/2967-И хаты бойынша «Тарихи тұлғалар» тізіміне енгізілген Бекназарұлы Ер Таңыбай батырдың есімін Ақтоғай ауданы, Сарышаған кенті Мектеп көшесіне атын беру туралы әкімшілікке өтініш түсті. «ҚР Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі» бойынша «ҚР Әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» ҚР Заңының 14-1 бабы 1 тармағына сәйкес елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту кезінде тиісті аумақ халқының пікірін ескерту қағидаттарына сәйкес бүгінгі жиналыс өтіп жатыр.

Сөйлеушілер: Рахимжанов Рахимедилда – жергілікті тұрғын.

Мектеп көшесін Таңыбай батыр көшесіне өзгертуді қолдаймын. Себебі, Бекназарұлы Таңыбай батырдың ерлігін жадымызда сақтауымыз керек.

Тажеев С.Б. – Ақсақалдар кеңесінің мүшесі.

Мектеп көшесінің атауын өзгертуді қолдаймын. Таңыбай батыр атамыз қазақ халқының жерінің тұтастығы, елдің бүтіндігі үшін күрескен.

Нускеев Н. – Таңыбай батырдың ұрпағы.

Ер Таңыбай батыр атаның атына көше берілсе, ұрпақтарының аузында жүреді. Қазіргі таңда 15 мыңға жуық ұрпағы бар.

Оспанов И.М. – қоғамның белсенді азаматы.

Сарышаған кентінде Тәуелсіздік көшесіне қарағанда, Мектеп көшесін «Таңыбай батыр» көшесіне ауыстыруды қолдаймын. Өйткені, ол орталық көше, көшенің атауы да қазақиланады.

Жиналыс шешімі: Күн тәртібіндегі «Тәуелсіздік» көшесін «Ер Таңыбай батыр» көшесіне ауыстыруды жиынға қатысушылармен сараптама жасай келе, «Тәуелсіздік» атауы идеологиялық жағынан сәйкес келгендігінің көпшіліктің шешімімен Сарышаған кентіндегі Мектеп көшесін Ер Таңыбай батыр көшесі атауына өзгерту шешілді.

«Мектеп» көшесін «Таңыбай батыр» көшесіне дауысқа салайық, нәтижесі бойынша:

Қарсы болғандар саны – 0 адам.

Қалыс қалушылар – 0 адам.

Қолдағаны – 51 адам.

Жиналыс төрағасы А.Тоимбеков.
Хатшысы Р.Тажеева.

АБ

Құрметті оқырман!

«Ақтоғай ажары» газетін сайттан да оқыңыз!
<https://aqtogaiajary.kz/>



Жаңалықтан құр қалмаңыз!

Аудандық өнер мектебінің ұжымы мектептің домбыра сыныбының мұғалімі Аубакирова Зайдагүлге анасы **Тәкіш Мақұлбекқызының** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Ә.Бөкейхан атындағы тірек мектебі РО жанындағы интернаты КММ-нің ұжымы аталған мектептің бастауыш сынып мұғалімі Мақсұтова Камилаға апасы **Ғалияның** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Еске алу

Ақтоғай ауданы, Сарытерек ауылының тумасы, Қарағанды қаласының тұрғыны **Мақұлбекқызы Тәкіш** анамыздың тал бесіктен жер бесікке аттанғанына 40 күннің жүзі болды.



Анамыздың жарқын бейнесі, мейірімге толы жанары, әрбір айтқан ақыл-кеңесі көңілімізде, санамызда мәңгі сақталып қалады. Өмірге 7 бала әкеліп, бағып-қағып тәрбиелеп, қанаттандырып, алтын ұясынан ұшырған абзал жан. Балаларынан немере, шөбере сүйген бақытты әже еді. Енді міне, қапыда айырылып қалдық. Бүгінгі күні аяулы анамызды еске ала отырып, жаның жәннатта, төнің рахатта, Алладан рахым, Пайғамбардан шапағат болсын деп артыңда қалған ұрпақтарың дұға бағыштайды.

Аяладың, өсірдің, Азамат қып жеткіздің.

Сағына еске аламыз,

Бақытты кезін ананың.

Әкетті тосын ажал арамыздан,

Келмеске кеткен бейнеңіз.

Алладан рахым сұраймыз,

Жұмақта болсын төріңіз.

Еске алушылар: жұбайы – Бөрігүл, балалары, немере-шөберелері.

Анамыздың 40 күндік асы 20 наурыз күні Қарағанды қаласының Өнет баба мешітінде сағат 13.00-де беріледі. Туған-туыс, көрші-қолаң, құда-жекжат, дос-жарандарға хабарлаймыз.

Еске алу

Жидебай ауылының тумасы, біздің тұңғығы таусылмайтын мәңгілік сағынышымыз, әкеміз **Төлүбайұлы Санат** 2022 жылдың 31 наурыз күні мәңгілік мекеніне аттанған күн. Бұл күн біз үшін асқар тауымыз шағылып, жүрегіміздің бұлшық еті шымырлап,



төбемізден аспан айналып жерге түскен күн. Міне, бүгінде жарқын бейнеңізді көрмегенімізге жыл толып отыр.

Сағынышпен тағы үнсіз таң атты,

Алла бәрін уақытша қып жаратты.

Бір жыл бұрын Раббысына оралған,

Еске аламын асыл әкем Санатты.

Асқар таумен демес ешкім теңесті,

Рухыңызбен сансыз өлең кеңесті.

Арасында әкем 8 бауырдың,

Болған еді сымбатты да еркесі.

Естелікті ақтарса да ел енді,

Қайран Әкем сынға сынбас Ер еді.

Ақтоғайда көлік айдап көп жылдар,

Қызмет етті тұрғындарға беделді.

Жыр арнады жабырқаулы Жұлдызы,

«Арпа ішінде бір бидайым» деп мені,

Құлағымда еркелеткен түр сөзі.

Анамызды Жәкібасым деп ылғи,

Үш ұлы мен өсірді ғой бір қызды.

Әке, сіздей ақылды жан қайда бар?

Жер құшағы жақсыны алып жайланар.

Досқа сыйлы, жолдасқа бай, әкешім,

Жете алмастан кетті жасқа Пайғамбар.

Жақсы көрді немерені жанындай,

Бала жүрек отырмас-ау сағынбай.

Әкетайым, жаның болып жәннатта,

Сағынғанда, тек түсімнен табылғай...

Еске алушылар: жары – Жәйна, балалары – Қайырбек-Жангүл, Сәрсен-Данагүл, Саяхат-Әсем, Олжас-Жұлдыз.

Құттықтаймыз!

Құрметті асыл жар, асқар тау әке, немерелерінің сүйікті атасы

Марат Ақмағанбетұлы!

Сізді 70 жасқа толған мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Сіз 40 жылдан астам отасқан анамызбен бірге өнегелі өмір сүріп, бақыттың бағында ұл-қыздарыңыздың қызығы мен қуанышына, немерелеріңіздің сүйіспеншілігіне бөленіп, ағайын-туыс ортасындағы алтын көпірдей қадірлі қалпыңызды сақтап келесіз.

Еңбекте де қажыр-қайратыңыздың арқасында талай абырой биігінен көрініп, ұрпағыңызға үлгі болар, кең жүректі абзал жан ретінде білеміз. Осы жасқа келгенше жұрт тамсанарлық істеріңіз көп-ақ. Алдағы уақытта осы істеріңіздің жемісін көре беріңіз.

Біз сізбен мақтанамыз, марқаямыз, Ең тамаша сөз бұл өмірде «Әке» деген, Суыққа бір шалындармай мәпелеген. Өмірдің соқпағымен өрге тартып, Алдымен адам бол деп жетелеген. Тағдырдың кеуде тосып жартасына, Біз үшін түскен майдан ортасына.

Алаңсыз сауық-сайран, шалқып жүрміз, Біз бүгін әкелердің арқасында.

Әкешім, жүреміз біз бір өзіңді арқаланып, Жетеді жақсы ісін жұрт тамсанарлық. Жүзге жет, жүзін жарқын, денің сау боп, Оны да аман-есен қарсы алалық.

Бүгінгі күнгі айтулы сөтте сізге тілеріміз, қонар бақтың баяндысың, бітер дәулеттің көл-көсірлігің, келер ырыстың ысырап болмауың, шаңырағыңызға шаттықтың орнауың, Тәңірдің шексіз қолдауың тілейміз. Сонымен қатар, әке, жүзіңізден шуақ кетпей, біздің ортамызда күліп-ойнап, шаттыққа кеңеліп, бақытқа бөленіп, Анамызбен бірге ұзақ ғұмыр жасай беріңіз. Әрқашан осы жігерлі, қуатты қалпыңыздан таймай, өлі де талай асулардан аса беруіңізге тілектеспіз.

Тілек білдірушілер: жұбайы – Шайза және балалары – Талғат-Гүлдана, Данияр-Гүлмира, Серікбол-Айзада және немерелеріңіз – Сұлтан, Бауыржан, Аружан, Іңкәр, Әлихан, Айкөркем, Ахмет-Әли.



Құттықтаймыз!



Ақтоғай ауылының тұрғыны, қадірменді досымыз **Ақжолтаев Марат Ақмағанбетұлы!**

Сізді 70 жасты еңсерген мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз!

Жаны жайдары, барынша мейірбан, достары көп, тілекшілері мол, ағалық пен даналықты бойына сіңіре білген асыл жанды

мерейтойымен шын жүректен құттықтап, баянды бақыт, зор денсаулық тілей отырып, өмірдің барлық қуанышын Шайза екеуің бірге қызықтап, Алланың берген жасын қос аққудай бірге жасап, нәсібе-дәулеттеріңіз арта беруіне ақ тілегімізді білдіреміз. Ағайын-туыс пен бала-шағаның ортасында парасатты, қызыққа толы ғұмыр кеше беріндер. Шаңырақтарыңа шаттық ұяласын.

70 деген шығатын бір асқар шын, Тілейміз жақсылықты басына мын. Жылыға бер жанымызды шуағыңмен, Шалмасын жүзіңізді ешқашан мұн.

Ақ ниетпен: жолдастары – Құрал-Несіпбала, Қуаныш-Құндыз, Қанат-Дина, Өрік-Қарлығаш, Бәтима, Самат-Гүл

Құттықтаймыз!

Құрметті жездеміз **Ақжолтаев Марат!**

Сізді 70-ке келген мерей-жасыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Ағайынға қамқор, жаны жайсаң жанға әлемдегі бар бақытты, дүниенің шуағын, жүрегіңізге Алланың нұрын тілейміз. Өмір жасыңыз ұзақ болып, балалар мен немере-шөберенің қызығын көре беруді Алла нәсіп етсін. Өрдайым асқарқын мінез, адал көңіліңізбен туған-туыс, дос-жарандарыңыздың ортасында абырой-құрметке бөленіп жүре беріңіз.

Ақ түйенің қарны бүгін жарылсын, Туған-туыс үйге бүгін ағылсын. Ақ ниетпен тілеген ақ тілектер, Періштенің құлағына шалынсын.

Ігі тілекпен: Сағдат-Күләп, Сағымбек-Гүлшат, Қанат-Нұриала.



Құттықтаймыз!

Құрметті ағамыз **Ақжолтаев Марат Ақмағанбетұлы!**



Сізді мерейлі 70 жасқа толған туған күніңізбен құттықтаймыз! Осы қуанышты күні сізге деніңіздің саулығын, шаңырағыңызға ырыс байлығын, жүрегіңізге мәңгі жастық жалынын, көңіліңізге сезімнің шалқыған шаттығын

тілейміз. Отбасыңыздан ынтымақ, басыңыздан бақ таймасын! Ағайын туыс пен дос-жаран алдында абыройыңыз өрдайым артып, аңсаған армандарыңыздың асуларына жете беріңіз!

Тілейміз бақытты өмір, ашық аспан, Жалғанда тілек бар ма одан асқан. Аман боп жанұяң мен бауырларың, Жалғансын ақ таңдарың нұрын шашқан.

Ігі тілекпен: Ақжолтаевтар әулеті.

Құттықтаймыз!



Қызыларай ауылының тумасы, асқар тау әке, қадірлі құдамыз **Тілеуберлі Камериятұлы** 50 жасқа толған мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз!

Айналаңыз қуаныш пен шаттыққа, бақыт пен табысқа, мейірім мен қамқорлыққа толсын. Адам өмірінің ең езулі күндерінің бірі – туған күніңізде сізге зор денсаулық, ашық аспан, қажымас қайрат тілей отырып, жан-жарыңыз Айнаш екеуіңіз ұзақ ғұмыр кешіп, балаларыңыздың қызығына тоймай, әрқашан жүздеріңізден күлкі кетпей, ортамызда шалқып-тасып жүре беріңіздер. Дос-жаран мен туған-туыс алдында абыройыңыз өрдайым артып, аңсаған арманыңыздың асуларына жете беріңіз!

Ашып өмір есігін нұрланды күн, Шашу шаштық сол үшін жырдан бүгін. Өзіңе, өзеге де шуақ сыйлар, Құтты болсын 50 жас, туған күнің!

Ігі тілекпен: балаларыңыз – Әсет-Әнел, Құрманның отбасы.

Құттықтаймыз!



Құрметті ұстазымыз **Түсіпбекова Түймекүл Ғасымқұлқызы!**

Сізді келіп жеткен 65 жас мерейтойыңызбен құттықтаймыз!

Сіз өзіңіздің барлық саналы ғұмырыңызды ұзақ жылдар бойы білім саласында ұстаздық еңбегіңізді абыроймен атқардыңыз. Сіз өнегелі еңбегіңізбен, тындырымды ісіңізбен және қарапайым да парасатты мінезіңізбен үлкен абырой-беделге ие болған ұжымымыздың тәжірибелі маманысыз.

Сізге ұзақ өмір, мықты денсаулық тілейміз. Асқар белесте жүзіңіз нұрға бөленіп, айтулы арман, ізгі тілектеріңіз орындалып, әлі талай биіктерге аман-есен жете беруіңізге тілектеспіз. Әр күніңіз думанды болып, келешек сізге тек бақыттың, шаттық шуағын сыйласын. Бала-шаға, немерелеріңіздің ортасында бақытты ғұмыр кешіп, ғасыр әже атаныңыз, шығармашылық табыс, жанұялық бақыт пен таусылмайтын қуаныштар тілейміз.

Жүзіңізден қуаныш ұстаз, кетпесін, Алла өзі жар боп, сізге қорған боп.

Еңбегіңіз жана берсін, ұстазым, Бақыт, шаттық күтіп сізді алдан көп.

Ақ тілекпен: Тасарал жалпы білім беретін мектебін 1988 жылы бітірген шәкірттері – Ғалия Майкотова, Данагүл Ақашева, Мұрат Жанғабиллов, Гүлжазира Майлаяқова, Жәнібек Бейсекеев, Жандос Жүнісов, Нариман Дәкешовтер.

Құттықтаймыз!

Ақтоғай ауылының тұрғыны, қадірлі ағамыз **Ақжолтаев Марат Ақмағанбетұлы** 70 жасқа келген мерейлі туған күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Сіз желкенді 70 жастың кемеріне келіп жеткен мерей-тойыңызды отбасыңыздың алтын қазығы болып, бала-шаға мен туған-туыстың арасында үлкен қуанышқа кеңеліп, қарсы алып отырсыз. Осы жылдар ішінде өмірдің талай белестерін бастан кешіп, бүгінде өркен жайған алып бөйтеректей ордалы үлкен әулеттің ақылшы тірегі, арқа сүйерісіз. Осынау мерейлі күніңізде сізге ұзақ ғұмыр, мықты денсаулық тілеп, шаңырағыңыздан тек қана шаттық кетпесін дейміз. Әрбір атқан арайлы таң сізге бақыт пен думанды қызықтар сыйласын. Алланың берген жасын Шайза жеңгеймен бірге жасап, нәсібе-дәулеттеріңіз арта берсін. Балаларыңыз бен немерелеріңіздің қызық-қуанышына бөленіп, ортамызда өрдайым бауырмалдық мінезіңізбен мәртебенің биіктеп, аман-есен жүре беріңіз!

Өзіңіз ұйытқысы шаңырақтың, Түлетіп ұл-қызды жамыраттың. Шаттықтың шалқар әні шалқи берсін, Сөнбесін аулаңызда шамы бақтың!

Тілек білдірушілер: бауырларыңыз, Ибраевтар әулеті.



Сәнім телефоны

Ақтоғай ауданының кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінде мемлекеттік қызметкерлердің Әдеп Кодексінің мемлекеттік қызмет туралы заңнамаларды, сыбайлас жемқорлықпен күрес жұмысындағы талаптарды бұзу фактілері туралы хабарлама жасау үшін 2-16-34 нөмірлі сәнім телефоны жұмыс жасайды.



Құрылтайшы: ЕЛЕУСИЗОВА ГҮЛНАР МЕТАЕВНА

Редактор міндетін атқарушы: Д.КАБЫЛ

Меншік иесі: “Ақтоғай ажары” газеті редакциясы ЖШС

Тіркеу куәлігі: №KZ94VPY00019192. (Қазақстан Республикасы ақпарат және даму Министрлігі 2020 жылы 10 қаңтарында берілген)

Газет аптасына 1 рет шығады

Кезекші редактор: Еркебулан Айтжан

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, Қарағанды қаласында «Арқо» баспаханасы ЖШС-де басылады. Сәтбаев көшесі, 15-үй

Мақала авторларының пікірі газеттің көзқарасын білдірмейді. Таралымы 1200 дана

Мекен-жайымыз: 100200, Ақтоғай ауылы, Абай көшесі, №1 а үй.

Телефондар: редактор: 2-18-81,

тілшілер, компьютер орталығы: 2-15-39

Электрондық пошта aktogai_red@mail.ru

Газетке А4 форматты 3 беттен асқан материалдар қабылданбайды.

